

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ –  
ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ  
ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
НЕГІЗІ**

Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция материалдары



АЛМАТЫ, 2010

Тымболова Алтынай Оразбекқызы	
ПЬЕСА ТІЛІНДЕГІ ПОЭТОНИМДЕР .....	229
Түсіпқалиева Роза Қуанқызы	
ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ	
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	235
Төлеева Назым Әділбекқызы	
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮДЕРІС БАРЫСЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ	240
Тұрабаева Ләззат Қалықұлқызы	
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ	
БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТТАРЫ.....	248
Хай Шунин	
ФРАЗЕОЛОГИЯ – СОКРОВИЩА ЯЗЫКА .....	253
Шыныбекова Айгул Кулшайқызы	
ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТІЛДІК ТҮРҒЫДАН	
ЖҮЙЕЛЕНУІ .....	260

## ӘЛЕМДІК МӘДЕНИ КЕҢІСТІККЕ ҰМТЫЛЫС НЕМЕСЕ БОЛАШАҚҚА ЖАҢА БАҒДАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ тілі кафедрасы – қазіргі таңда жаңа инновациялық технологиямен қызмет істеп жатқан ұжым. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұлттық тұлға ретінде өз бағдарламалары мен жыл сайынғы дәстүрлі жолдауында мемлекеттік тілдің дамуына, сөйлеу тілінің тазалығына терең мән беріп, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі бар қарым-қатынас құралы болуына ерекше жағдай туғызуына орай, университетте ісқағаздарының қазақ тілінде жүргізілуі қолға алынып, мемлекеттік тілді оқытуға ерекше мән беріліп отыр.

Кафедраның негізгі ғылыми қызметінің бағыты Қазақстан Республикасы үкіметі мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің жарлықтарына, университеттің Стратегиялық даму бағыттарына сәйкестендірілген. Қоғам өмірін гуманитарландыруға байланысты жүргізіліп жатқан мемлекеттік кешенді іс-шараларға өз үлесін қосып келе жатқан кафедра қазақ тілін жаңа инновациялық жүйемен оқыту ісіне ат салысуда. Кафедра университеттің 12 факультетінің орыс тілді аудиторияларында “Қазақ тілі” пәнінен үш (3) кредит, “Кәсіби қазақ тілі”, “Мемлекеттік тілде іс жүргізу” пәнінен 3 кредит бойынша дәріс жүргізеді.

Қазақ тілі кафедрасы 1990 жылы құрылды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Сайрамбаев кафедраға алғаш басшылық жасап, негізін қалады. Кафедра ашылғанда Қ. Қадашева, Р. Авакова, Б. Момынова, Г. Смағұлова, А.Исанова, А.Төлегенов, Қ.Қадырқұлов т.б. оқытушылар қызмет атқарды.

Филология ғылым-дарының докторы, профессор Т.Сайрамбаев қазақ тілі синтаксисі курсы бойынша ғылыми жұмыстар жазып және аудиторияда осы сала бойынша үздіксіз дәріс жүргізген білікті маман. Қазіргі қазақ тілі синтаксисіндегі күрделі мәселелер жайлы әр түрлі арнаулы курстарды оқытты. Ғалым дәріс жүргізумен қатар

6. Мокиенко В. М. «В глубь поговорки» М., 1975  
 7. Мокиенко В. М. «Образы русской речи» Л., 1986  
 8. Сепир Э. «Избранные труды по языкознанию и культурологии» М., 1993  
 9. Сидихменов В. Я. «Китай: страницы прошлого» Смоленск.; 2000  
 10. Фелицына В. П., Мокиенко В. М. «Русские фразеологизмы» М., 1990  
 11. Шанский Н. М. «Фразеология современного русского языка» М., 1985

Бұл мақалада қытай-орыс тіліндегі бейнелі қолданыстар туралы сөз етіледі.

Шыныбекова Айгүл Көлшайқызы  
 әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы

#### ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰРҒЫДАН ЖҮЙЕЛЕНУІ

Қазақ терминологиясының қалыптасуы бүгінгі таңда әлі де үлкен кедергілер мен шешуін қажет ететін кезек күттірмес теориялық және практикалық мәселелерге толы. Ұлттық терминологияны дамытудың басты қағидаттарының бірі – ұлттық терминологияны жүйеленуі, оны тілдік тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады. Терминологияны қалыптастыру туралы сөз болғанда терминология стандартталған, бірізділендірілген, реттелген, жүйеленген, жетілдірілген болуы қажет деген талаптар қойылды. Бұл бағытта ХХ ғасыр басында А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, С. Асфендияров, Қ. Кемеңгерұлы, Н. Қаратышқанов, Қ. Жұбанов, М. Жұмабаев, І. Жарылғапов, Ә. Сатыбалдиев, С. Бәйішев, С. Аманжолов, т.б. белгілі ғалымдар өз еңбектері арқылы қазақ терминологиясын зерттеуге, реттеуге және теориялық-практикалық мәселелерді шешуге ұмтылды. Қазіргі қазақ тілінде алдыңғы буын ісін жалғастырып, терминология ісімен айналысқан Ә. Қайдар, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Р. Шойбеков, А. Алдашева, Ә. Әбдірәсілов, С. Исақова, Б. Момынова, Ш. Біләлұлы сияқты т.б. ғалымдардың еңбектері терминологияның өзекті мәселелерін шешуге көмектесуде. Терминдердің қоғамда өміршеңдігінің негізгі көзі – ұлттық тіл. Осы себептен терминжасам ісінде жүйе қалыптастыру ісі –

қоғамдық қатынас құралы болып саналатын тілдің басты қағидатына айналып отыр.

Қазақ тіліндегі салалық терминологияның жасалуын зерттеу, олардың жүйесі, терминологиядағы жүйелілік факторы қазіргі қазақ тілінің негізгі мәселелерінің бірі.

Ғылым тілінің басты ерекшелігі – оның термин сөздерінде болса, оның құрылымының негізін ұғымдар мен атаулар жасайды. Терминнің мағынасы термин сөздің дефинициясынан туындайтынын орыс ғалымы, терминолог А.А. Реформатский көрсеткен [1, 6 б.]. Терминологиядағы арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселенің бірі – терминдердің жүйелілігі мәселесі. Бұл мәселені шешуге зерттеу еңбектерінде ортақ ғылыми тұжырым жасалмаған. Тіл біліміндегі осы тақырып төңірегінде зерттеу еңбектері қарапайымнан күрделіге қарай сатылы байланыста жасалған.

А. Қайдаровтың көрсетуі бойынша, терминологиялық өріс құра отырып жасалатын терминдер терминологиялық лексиканы құрайды. Терминделетін сөз жалпы халықтық қолданыстағы сөзден ғылыми анықтамамен, түсіндірмемен, дәлдігімен, шарттылығымен ерекшеленуі тиіс [2, 43 б.]. В.П. Даниленконың пікірінше, терминделетін сөз семантикалық, морфологиялық, синтаксистік, калькалау тәсілдерімен ұғымдық өзгеріске түсіп, тілдік қорда ғылыми атау ретінде жұмсалады [3, 23 б.]. Сөзжасам қағидаттары сақтала отырып терминжасам жүзеге асырылады. Терминдер белгілі бір ғылым саласындағы ұғымның атауын білдіру үшін жасалынады. «Терминдерді күнделікті мұқтаждық пен қажеттілік тудырады» – деген көзқарасты қолдаушылар да бар. Ғалымдар кейінгі кезде күрт дамып келе жатқан тіл білімі ғылымдарының бір саласы ретінде терминжасамды атап көрсетеді де, аударма мәселесінен бөліп көрсетпейді. Лексикалық тұрғыдан терминология жетілдіру, жүйелеу мәселесіне тікелей тәуелді болып келеді.

Ұғымдар жүйесін жасауда тілдік элементтер латын тілінде мол көрініс тапқан. А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильевалардың көрсетуінше, – ома (-ома) қосымшасы арқылы қатерлі ісікті білдіретін терминұғымдар жасалған: *гранулема, карцинома*, – инум (-inum): *инсулин, альбумин* сияқты дәрілік заттар; – итус: (-itus) *гастрит, цистит, эндоцервицит, аппендицит*, ин (-in) – *инъекция, интубация*; – ион: *ионизация*, – троп: *энтропия* т.б. сөздерінің негізінде белгілі бір ғылым саласына қатысты жүйелі термин жасауда қосымшалар өзіндік рөл атқарады [4, 103 б.].

Жүйе – грек тілінде бүтін, яғни бөлшектерден тұратын біртұтас деген анықтаманы білдіреді. Демек, жүйе өзін құрайтын белгілі бір құрылымдық компоненттерден тұрады. Жүйелілік мәселесін

қарастырғанда оның құрамдас бөліктері мен олардың өзара байланысын, оның ішкі бірлігі тілдік тұрғыдан тұтастыққа келер жүйелі қатынасын негізге алатындығы көрсетіледі. Терминологиядағы жүйелілікті көрсете отырып талдау барысында терминдер өз арасында екі жақты қатынаста болатынына назар аударуымыз қажет. Оның бірі – мағыналық өзара байланыста, екіншісі – жүйелілік құрылымда бір-бірімен тәуелді ұғымдық байланысуы. А.А. Реформатскийдің көрсетуі бойынша, «сөзге тәннің бәрі де, терминге де тән» [1, 121 б.].

Терминологиядағы жүйеліліктің дұрыс қалыптасуы ұлттық ұлттық тілде ғылым тілінің жасалуына аса қажетті екені белгілі. Сол себептен де жетілдірген, жүйеленген терминдер қорын жасауда терминжасам ісіне сүйену керек. Жүйелілік мәселесі – сала терминдерін қалыптастыруда кезек күттірмес істің бірі. Бұл жөнінде академик Ә. Қайдаров: «Салалық терминология мәселесін зерттеудің бірнеше себептері болды. Атап айтқанда ғылыми-техникалық прогресс талабына сай әрбір өркениетті елдің терминологиясы да заман талабына орай дамуы тиіс. Екіншіден, қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі оның жан арқасы болуы тиіс. Үшіншіден, қазақ терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты үлкен дағдарысқа ұшырап отыр. Әркім өз бетінше термин жасау орын алып отыр» [2, 34 б.], – деп атап көрсетеді. Бұдан терминологияның күрделі мәселелеріннің қатарына жүйеліліктің енетінін көруге болады. Өйткені жүйесіздік орын алған жерде әркім өз білгенінше термин жасайды.

Терминология үшін жүйе ұғымы терминологиялық өріспен анықталады. Терминдер өзі қатысушы шағын өрістер құрайды, терминологиялық жүйе жүйелеудің төменгі бөліктеріне бөлініп, терминологиялық қатар түзеді. Сөз бен ұғым бір-біріне қарама-қарсы мәнде, жүйелілік туралы қарастырғанда екеуі логикалық тұрғыдан түсіндіріледі. Философтардың түсіндіруінше термин дефинициядан бөлек, ал тілші-ғалымдар термин сөзді ұғым атауы деп таниды. Дефиниция термин сөздің түсіндірмесі, анықтамасы дегенді білдіреді.

Ұғымдар жүйесіндегі терминдер өзінің құрылымдық ерекшелігіне сәйкес бастапқы кезеңнен-ақ екіұшты қолданудан аулақ, екі түрлі мағына білдіруден тыс қалыптасады. Мысалы, этимология термині – әр сөздің шығу тегін зерттейтін тіл ғылымының бір саласы; фразеология – семасиология, биология, физиология, аналогия, терминология, стоматология, археология дегенде белгілі бір ғылым саласында өзі зерттелетін ілімнің атауы ұғымын көрсетеді, –логия элементі терминдік, өйткені ол ұғым атауына негіз болады. Сол сияқты – тану элементі де ұғым атауларын жасайды. Мысалы, *әдебиеттану*, *металтану*, *тілтану*, *өнертану*, *тауартану*, *табиғаттану*.

*құқықтану*, *жантану*, *елтану*, *мәтінтану* т.б. Аталмыш сөздердің терминге айналуына олардың белгілі бір ілімді зерттеу бағытында жұмыс жүргізетінін көрсетуде қолданылған – тану тілдік элементінің рөлі басым.

Ұғымдар жүйесінің тілдік ерекшеліктерін көрсету барысында терминологиялық жүйе құруда тілдің ішкі заңдылықтарынсыз терминжасамды жүргізуге болмайтынын анықтадық.

Термин сөздер бір ғана сала термині қызметінен гөрі бірнеше салаға да ұғымдар өрісі шеңберінде жұмсалады. Мысалы, *операция* термині медицинада, әскери істе, қаржы саласында қолданылса, *ассимиляция* – фонетика, саясаттануда, *функция-математика*, *физиология*, *лингвистикада*, *прогрессивті* – фонетика, саясаттануда термин ретінде қолданылады. Бұдан термин мағынасының көп мағыналылығын байқаймыз.

Сөз терминге айналмас бұрын өзі кірген терминдік мағынаға жақындығы ескеріле отырып, ұғымнан сөзге, сөзден ұғымға қарай жүру тәсілін қолдану арқылы жаңа, түсінікті, айқын термин жасалады. «Терминдер ұғымдардың атауы болатындықтан және сол ұғымдарды жүйелеу мен топтастыруда логикалық әдістерге жүгінуге тура келетіндіктен кез келген терминологияны түзуге логиканың қатысы болатыны сөзсіз», – дейді профессор Ш. Құрманбайұлы [5, 233 б.].

М. Әуезовтің де қазақ терминологиясының мәселелерімен тікелей айналысқанын көрсететін бірден бір еңбектер – «Ғылым тілі» (1917) және «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалалары. Мұнда жазушы терминологиядағы ішкі терминжасам туралы айтқан. М. Әуезов ғылым тілін қазақша жасау мәселесін көтере білген. «Орыс тіліне қазақ сияқты барлық туысқан елдер тілінен көріп жатқан сөздер көп. Сонда джайлау, акын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?», – деп нақты мысалдар келтіре отырып, тіл заңдылығына сәйкес қабылдауды атап өтеді [6, 264 б.].

Терминология мәселесі 1924 жылы 12-18 шілде аралығында өткен республикалық ғылыми қызметкерлердің I съезінде сөз болған. Оның материалдары 1925 жылы жеке кітап болып жарияланды. Бұдан басқа 1926 ж. Бакуде өткен Бүкілодақтық түркологтардың алғашқы съезінің материалдарымен таныстыру мақсатымен жазған А. Байтұрсыновтың «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласы жарияланды. А. Байтұрсынов қазақ терминологиясын қалыптастыруда, қазақ тілінің өз мүмкіншілігін толық пайдалану және интернационалдық терминдерді қолдану тәсілдерін сөз етеді. Қазақ терминологиясын байытып дамытуға маңызды үлес қосқан ғалымдарымыздың бірі Х. Досмұхамедов кірме сөздерді, әсіресе, орыс

тілі арқылы енген сөздерді қолдануда ана тілінің ішкі дыбыстық заңын сақтап айтылуын дұрыс құбылыс деп есептеген. Кірме сөздердің тілімізге тән сингармонизм заңына лайықтап алынсын – деген қағиданы сол кездегі зиялы қауым кеңінен қолдаған. Н. Төрекұлов «Жат сөздер» деген еңбегінде «қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тымағын киіп, жалпақ сөзі болып кірсін», – дейді [7, 19 б.]. Бұдан сол кезең зиялыларының пән атауларын қолдануда ұлт тілінің ішкі заңдылықтарына көп көңіл бөлендігін аңғаруға болады.

20-30 жылдарда терминологияда термин жасап оны қолдану мен орнықтыру ісі бойынша жүргізілген жұмыс түрлерін төмендегі терминдерден көруге болады.

Тақырыптық салалар туралы мәлімет беру мақсатымен терминдер түрлі ғылыми және басқа да салалар бойынша лексика-семантикалық тұрғыдан төмендегіше топталып берілді: 1) Оқу ағарту, педагогика саласына байланысты: *әдіс бірлігі – методическое объединение, оқу құралы – учебное пособие, руханишы – мыслитель, күн белгі – календарь, оқуқана – читальный зал* т.б.; 2) Экономика саласына байланысты: *үнемші – экономист, жоспаршы – плановик, әлеуметшілік жәрдем – социальная помощь, үнем шаруашылығы – экономическое хозяйство, өнеркәсіпші – производственный* т.б.; 3) Саясатқа байланысты: *әлеуметтік жағдай – социальное положение, үгіт-насихат – агитация, өзгерісшілдер – реформаторы, ілгерішіл – прогрессивный* т.б.; 4) Мәдениет, өнерге байланысты: *жанды сурет – кино, мәдени төңкеріс – культурная революция, өнер келістігі – стиль* т.б.; 5) Әдебиетке байланысты: *көркем әдебиет – художественная литература, әдеби тіл – литературный язык, бернелеп оқу – выразительное чтение, қаламшы – писатель, сыншы – критик* т.б.; 6) тіл ғылымына байланысты: *дауысты дыбыс – гласные звуки, ұлы тыныс – точка, кірешек сөздер – заимствованные слова, бұрапқы жұрнақ – заимствованный суффикс* т.б.;

Терминнің басты мәселесінің бірі – бір мағыналылық, алайда, ол қағидатты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Терминология концептологиямен тығыз байланысты болады. Терминдік жүйе терминденуге ұшырайтын түсініктер жүйесіне сай келуі тиіс. Концептілік пен түсініктердің өзара арақатынасы жеке тілдік жүйеде термин мен оны таңбалаушы ұғым арасында үлкен танымдық байланыс орнатады [1, 21 б.]. Термин сөздерде мазмұны мен мағынасы – түсінігі мен сипатындағы бірліктен танымдық байланыс орнайды. Өзі таңбаланушы ұғым мен таңба арасында уәжді (мотивированный) байланыс болуы шарт. Бұл терминнің ішкі танымдық табиғатын көрсететін негізгі факторлардың бірі.

Сөз тіркестері – грамматикалық үлгі, сөз тіркесімділігінің негізгі категориялық ерекшеліктері мәселесі дәйектелген.

Терминологиялық лексика терминдердің тізімі ғана емес, белгілі ұғымдардың ғылыми дүниетанымдағы анықтамасын көрсетуші жүйе екендігімен сипатталады. Бұл тараушада метатіл мәселесі де терминнің аса күрделі жүйеге негізделетіндігін дәлел етуге болатындығы баса айтылады. Сөз тіркесінен жасалатын терминдердің грамматикалық сипаты, үйлесімділігі, ұғым анықтығы белгілі бір дәнекер тәсілдер арқылы байланысқа түсетіндігі анықталынады. Сөз тіркестерінің есімді және етістікті түрлерінің теориялық мәселесі синтаксистік қатынас арқылы қарастырылады. Сөз тіркесі үшін аса қажетті басты белгі – теңін тауып тіркесу. Сөз тіркесінің басты белгілері, амал-тәсілдері арқылы байланысу формасы, жасалуы – терминологиялық жүйенің пәрменді көрсеткіші болып табылады.

Сөз тіркестері есімді және етістікті болып бөлінеді. Қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінде етістік негізгі қызмет атқарады. Етістік өз табиғатында лексикалық-грамматикалық мағынасына сөз табы ретіндегі жалпы категориялық қасиетінен басқа сөздерді жетекке алатын сөз табы болып саналады. Етістікті тіркестерге жататын терминдер түрлері мынадай: *мәселені талқылау, сауалнама жүргізу, шикізат өңдеу, мұнай айдау, айырбас жасау, мәмілеге келу, келіссөзге қатысу, мәлімет беру, құжат толтыру, іс қарау, сыртартқы жазу, күш көрсету, заңдылықты қадағалау, сұрақ-жауап алу, іс қозғау, шарт жасасу, парламентке жолдау, тауар әкету, өнім өткізу, рұқсаттамамен кіру, жедел бақылау, кредит алу, шот ашу, шартты рәсімдеу, әлімжеттік көрсету* т.б.

Бұдан өзге терминологияда есімді сөз тіркестері де кездеседі. Есімді сөз тіркестері үш түрлі құрамда, атап айтқанда, әр түрлі сөз таптарынан, бір сөз таптарынан, бір сөздің қайталануынан тұрады. Үшінші түрі терминологияға тән емес. Жиі кездесетін байланыс түрлеріне қабыса, матаса, менгеріле байланысқан терминдер жатады. Мысалы, қабыса байланысқан сөз тіркесті терминдер: *қатар әзірлеу, біржалғы жәрдем, әкілеттік беру, өтпелі кезең, жария саясат, резервтік жүйе, дербес іс, шешуші дауыс, бас маман, бас мердігер, қос азаматтық, еңбек өтілі, үлестік қатысу, еңбек тәртібі, жалақы мөлшерлемесі, іскер топ, ланкестік әрекет* т.б.

Матаса байланысқан сөз тіркесті терминдер: *табыс салығы, кіру жарнасы, ақша реформасы, кеден алымдары, кәсіпорынның тиімділігі, құжат деректемелері, тіркеу қағазы, ниет хаттамасы, әкімшілік тіркемесі, шарт мәні, ақша аударымдары, банк жүйесі, тауар жеткізілімі, еңбек бөлінісі, жер телімі* т.б.

Менгеріле байланысқан сөз тіркесті терминдер: *жұмысты тоқтату, баяндаманы тұжырымдау, халыққа жолдау, қаржы бөлу, ақша аудару, қоғамды демократияландыру, шегара межелеу, дауды*

қарау, құжаттама толтыру, бағдарлама әзірлеу, мүлікті бөлу, кепілзатты ұсыну, мұнайды жеткізу, газ тасымалдау, мөр басу, мәселе көтеру, белгі соғу т.б.

Бұл тіркестерден өзге еркін тіркесті термин сөздер қатары да қарастырылды. Мысалы, *кеден одағы, еңбек тәртібі, оңтайландыру кезеңі, азотты күкірт, полимерлі металл, мұнай ұңғымасы, елді мекен* т.б.

Фразеологиялық терминдер мәселесі де қарастырылды: *саяси қайраткер, салтанатты мәжіліс, ғылыми кеңес, қоғамдық құрылыс, рухани байлық, ірі кәсіпорын, алтын қор, тарихи оқиға, соңғы хабар, еңбек өтілі, ашық хат, екеуара кездесу* т.б. Терминологияда кездесетін фразеологиялық тіркес түрлерін тарих пен қоғам көрінісі деп қарастыруға болады.

*Қызыл отау, коммунистік партия, бесжылдық жоспар, совет өкіметі* сияқты тіркесті терминдердің қолдануылу жиілігі бәсеңдеп пәрменсіз қолданысқа түскенімен басқа фразеологиялық тіркесті терминдер олардың орнын толықтырып отырады. «Қазіргі тілдік (синхрондық) тұрғыдан түсіндіруге келмейтін, олардың түп негізі тарихи кезеңдермен тікелей байланысты екенін тілдік деректер дәлелдеп отыр. Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір фраземалар құрамындағы түсініксіз сөздердің көзі кейде кірме элементтерге жатса, енді біреулерінің тарихы көне ескерткіштер мен туыстас тілдерге аппаратыны сөзсіз», – дейді Р.А. Авакова [8, 27 б.].

Терминология саласында түйдекті тіркес құру арқылы қалыптасқан терминдер де кездеседі. Мысалы, *билік шесінен шығу, шараларды қолға алу, шара қолдануға мәжбүрлеу, мәселені назарға алу, мүгедектігіне байланысты зейнеткерлікке шығу, кәмілеттік жасқа толмағандар, құпиялықты қамтамасыз ету, шешуші дауыс жинау, құжат күшін жою, белгіленген өкілеттікті тоқтату, қадағаланатын мәселер бөлімі* т.б.

Тіл қоғамдық құбылыстың бірі ретінде сол қоғам құрылысына айнаға түсіргендей өрнектейді. Яғни, қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл көмегі арқылы халық қазынасына айналады. Сонда, тіпті кейде тілдегі кейбір сөздер арқылы ел басынан өткен кезеңдерді көзге елестете аламыз да, қоғам дамуының белестері арқылы тіл дамуын сүзіп шығуға мүмкіндік алып отырамыз деген сөз. Сөйтіп қоғам мен тіл бірінсіз бірі күн кеше алмаса керек. Ендеше, халық тарихы оның тілінде, яғни тіл фактілері арқылы біз халық тарихын тануға мүмкіндік аламыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Реформатский А.А. Что такое термин и его терминология // Вопросы теории. – М., 1961. – С. 46-54.
- 2 Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 34 б.
- 3 Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М., 1977. – 266 с.
- 4 Суперанская А.В. Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. – М., 1989. – 318 с.
- 5 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
- 6 Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 19 т. – 369 б.
- 7 Төрекұлұлы Н. Жат сөздер туралы. – Алматы: Өнер, 2005. – 20 б.
- 8 Авакова Р.А. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2003. – 50 б.